Ауа райы: ● Қызылорда +27 ● Жаңақорған, Шиелі +30 ● Тереңөзек, Жалағаш +27 ● Қармақшы, Байқоңыр +27 ● Қазалы, Арал +25

# Сыр бойы 85 жыл

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

25 ҚЫРКҮЙЕК БЕЙСЕНБІ | 2014 жыл №141 (18835) | ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ | www.syrboyi.kz

ЕҢБЕК КҮНІ

# ЕҢБЕК ӘУЛЕТТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕ ДӘСТҮРІ

**Сейсенбіде Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен «Ата кәсіп – Алтын мұра» тақырыбында еңбек сабақтастығы форумы өтті.**



Аймағымызда облыс әкімінің бастамасымен алғаш рет ұйымдастырылып отырған шараның мақсаты өз ісінің нағыз маманы болған, сол мамандықтарды отбасылық кәсіпке айналдырған еңбек майталмандарын ұлықтау, жас ұрпаққа үлгі ету, атадан балаға мирас болып келе жатқан кәсіпті, игі дәстүрді насихаттау болып табылады.

Аталған форумға еңбек сабақтастығын жалғастырушы бірқатар әулеттер қатысты. Әкеден балаға жалғасып келе жатқан кәсіптері, өнегелі еңбек жолдары көпшілікке үлгі етілді. Олардың ішінде денсаулық сақтау саласы бойынша сырдариялық Садықұлы әулетінде тоғыз жан бір салада еңбек етсе, олардың жалпы еңбек өтілі 260 жылды құрайды. Сондай-ақ, шиелілік Қыпшақбаевтар әулетінде 16 адам білім саласында жемісті еңбек етуде. Олардың жалпы еңбек өтілі 285 жыл. Ауыл шаруашылығы саласы бойынша диқан әулетінен Пірдашовтардың еңбек өтілі 75 жыл, Күрбеновтердің теміржолшылар әулетіне 562 жыл толған.

Салтанат сахнасына көтерілген облыс әкімі Қырымбек Көшербаев еңбек династияларын ұлықтаудың, қарапайым еңбек адамын құрметтеудің маңызына тоқталып, шараға арқау болған еңбекші отбасыларына жылы лебізін арнады, жиылғандарды Еңбек күні мерекесімен құттықтады.

– Құрметті қауым, баршаңызды Еңбек күні мерекесімен құттықтауға рұқсат етіңіздер! Елбасының 2013 жылғы қарашадағы Жарлығымен бекітілген Еңбек күні мерекесін биыл біз алғаш рет атап отырмыз. Оның негізгі мақсаты Мемлекет басшысының «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын құру туралы» идеясы шеңберінде өнімді еңбекті ынталандыру, жастар арасында жұмысшы кәсіптерін насихаттау және жұмысшы әулеттерінің көпжылдық дәстүрлерін нығайту болып табылады. Қазақстанның даму жолы – бүгін әлем таныған қуатты, сапалы тұрмысты, саяси-әлеуметтік тұрақтылығы берік мемлекеттің жолы. Елбасымыз Н.Назарбаев атап айтқандай, Қазақстан қазіргі заманғы мемлекет, Қазақстан 21 ғасырдың ортасына қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына қосылуы тиіс. Біздің басты мақсатымыз – 2050 жыл қарсаңында жалпыға ортақ еңбек қоғамын қалыптастыру. Еңбек күні мерекесі – Елбасымыз айқындап берген осынау ұлы мақсатқа қол жеткізу жолдарының алтын арқауы, қозғаушы күші. Бұл – жалпыға ортақ мереке. Осы ретте еңбек күні мерекесінің негізгі идеясын Қазақстанның әрбір тұрғынының ойына, санасына сіңіре білуіміз керек, – деп аталған шараның маңызына тоқталған аймақ басшысы сөзін жалғай түсті. – «Еңбек адамды ер атандырады», – дейді халқымыз. Аға буын Сыр елінің барлық жолында халықтың сана-сезімін қалыптастырып, қазақы рухын жоғалтпай, еңбекке бір адамдай жұмылдыра білді.



Ауызбіршіліктің, тынымсыз еңбектің арқасында аймағымыздан 102 Социалистік Еңбек ері шықты. Олардың есімдері облыс тарихында алтын әріптермен мәңгіге жазылып қалды.

2-бет

# “АРАЛТҰЗ”: ИСПАНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Қазақстан 2050

Аралдың “ақ алтынының” қазыла бастағанына алдағы жылы 90 жыл толғалы отыр. Алғашында жұмыстың барлығы қолмен атқарылған. Оған құрылым мұражайындағы көне суреттерден көз жеткізуге болады. Тек отызыншы жылдардан бастап қана механизмдер қолданыла бастаған.

Еліміздегі ас тұзын өндіретін ірі өндіріс орны – “Аралтұз” акционерлік қоғамы халық арасында йод жетіспеушілігінің алдын алу мақсатында өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан бері қарай йодталған ас тұзын шығара бастаса, қазіргі таңда осы өнімді өндіретін республикадағы бірден-бір кәсіпорын саналады. Өнім сапасының жоғарылығына республикалық және халықаралық көрмелерден алған дипломдар дәлел бола алады.

“Жақсықылыш” тауының етегіне жарыса орын тепкен тоқсанға тарта көлден ай сайын 600 тоннаға дейін тұз қазып, бүкіл Кеңес Одағын сапалы ас тұзымен қамтамасыз етіп келген комбинатқа Одақтың тарауы экономикалық байланыстарда кедергі келтіріп, “Аралтұздың” адымын аштырмады. Өнім өндіру күрт қысқарып, оның көлемі 100 мың тоннаға дейін азайып кетті. Тек ғасырлар тоғысында ғана жағдай біршама қалыпқа түсе бастады.

2001-2003 жылдар аралығында өндірісті қайта жабдықтау қолға алынып, жаңа технологиялармен толықты. Мұнда әсіресе, былтыр ауқымды жұмыстар атқарылды. Акционерлік қоғам өз қаражаты есебінен жаңа цех салды. Оған испан өндірісінің заманауи технологиялары сатып алынып, тамыз айында жаңартылған желі іске қосылды. Бұл өз кезегінде 125 жұмыс орнының ашылуына мүмкіндік туғызды. Сондай-ақ, тұз қалталау цехы да барынша жаңартылып, ондағы Санкт-Петербург қаласында шығарылған бес автомат өнім көлемін арттыруға себін тигізді.

Қазіргі таңда қос цехта 300 тоннаға дейін бірінші сұрыпты ас тұзы өндірілуде. Ол жаз айларында 500 тоннаға дейін жетіп жығылады. Жаңа цехта бір келілік пакеттегі ас тұзы, ал ескісінде сонымен бірге он, отыз, елу келілік қаптардағы ас және техникалық тұздар шығарылуда. Тағы бір өнім – бір тонналық техникалық тұз өз тұтынушыларына жөнелтілуде.

Сапалы ас тұзымен танымал “Аралтұз” акционерлік қоғамының ресми өткізушісі, яғни дистрибьютері “Сольтрест” ЖШС Ресей мемлекетінің ірі “Магнит” сауда жүйесімен келісім-шарт жасады. Серіктестік Ресейдің өндірістік тобы бас кеңсесімен келісімге келген алғашқы қазақстандық жеткізуші компания болып табылады. Былтырғы тамыз айында қол жеткен бұл уағдаластық бойынша олар 2018 жылға дейін 50 мың тонна йодталған ас тұзын көршілес елге жеткізіп отырады.



“Магнит” мемлекеттік мекеме саналады. Оған келісім ұзақ жүргізілсе де, “Казпех Invest” компаниясымен бірлесіп қол жеткізілген. “Магниттің” 4 мыңға жуық сауда нүктелері бар көрінеді. Кәсіпорын өнімдері негізінен Ресей мемлекетіне жөнелтіледі. Нақтыласақ, көршілес елге айына 6400 тонна бәсекелестікке төтеп бере алатын өнімдер жөнелтілуде десек, Қырғызстан еліне мың жарым тонна сапалы ас тұзы жіберіледі. Одан қалды еліміздің барлық өңірлері Аралдың “ақ алтынының” игілігін көруде.

Биыл “Аралтұз” акционерлік қоғамында “Техникалық және ас тұзын өндіру” өндірісін жаңғырту жобасы қолға алынған болатын. Аталмыш жоба тұз өндіру бойынша өндірісті ұлғайтуға бағытталған. Жоба құны1,5 млрд. теңгені құрайды делінгенмен, қажетті жұмыстарды атқару үшін қосымша 600 млн. теңге қаржы жұмсалуына орай бүгінгі күні жобаға салынған жалпы инвестиция көлемі 2,1 млрд. теңгені құрап отыр. Кәсіпорынға тұз өндіруге арналған құрал-жабдықтар шығарудан дүние жүзінде көшбасшы саналатын Испан мемлекетінің “Construcciones Mecanicas J.SERRA, S.A.” компаниясының заманауи құрылғылары алынған. Ол алдағы айда іске қосылады деп күтілуде.

Атап өту қажет, жаңа зауыт іске қосылғанға дейін кәсіпорын жылына 120 мың тонна тұз өңдеп шығарған десек, оның 80 мың тоннасы ас тұзы да, қалғаны техникалық тұз. Қазіргі таңда өндіріс қуаттылығы 1,6 есеге ұлғайып, 213 мың тоннаға жеткен. Бұның 147 мың тоннасы ас тұзы, 66 мыңы техникалық тұз. Жоба бойынша 343 жаңа жұмыс орнын құру көзделген. Кеншілердің орташа айлық жалақысы 50 мың теңге шамасында. Биыл жұмысшылардың жалақысы он пайыздан екі рет жоғарылатылыпты.

**Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.**

# КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ӨРІСТІ ЖОЛЫ

**Жуырда облыстық кәсіпкерлер палатасының бизнес алаңында өңірлік кәсіпкерлер кеңесінің XVI отырысы өтті.**

**Кеңес отырысына облыс әкімінің орынбасары С.Қожаниязов, «LAC Holding» компаниясының жобалар кординаторы Д.Софронов, “Қазақстандық мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығының” басқарма төрағасы А.Ойнаров, облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Д.Абсаттаров, Өңірлік Кеңес төрағасы А.Махамбетов және кеңес мүшелері мен басқарма басшылары қатысты.**

Шараға арнайы келген “Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығының” Басқарма төрағасы А.Ойнаров қатысушыларға “Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік” туралы жаңа заң жобасы туралы кеңірек түсіндірме жүргізіп, пікір талқылауға шақырды.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (МЖӘ) бүгінде ел экономикасын жаңа белеске көтеретін, кәсіпкерлерді ірі инвестициялық жобаларға тарта отырып, мемлекетпен бірлесе бизнесті жаңа өрістерге шығаруға септесетін үлкен жобалардың бірі.

Бюджеттің қарымы жете бермейтін, әсіресе, маңызы зор әлеуметтік жобаларға жеке бизнесті тарту қажеттігін Елбасы Н.Назарбаев үнемі айтып келеді.

Басқарма төрағасы А.Ойнаров та жаңа заң инвесторларды қорғаумен бірге өңірлердің мемлекетпен бірге өзара тиімді жобаларды бірлесе іске асыруын және кедергілерді жоюға мүмкіндік беретінін жеткізді. “Бұл «Мемлекеттік-жеке әріптестік туралы» жаңа заң жобасына енгізілген ұсыныстардың бір парасы ғана. Сонымен қатар, мемлекет пен бизнестің әріптестігін реттейтін дербес заң жобасын жасауға кәсіпкерлердің өздері де бастамашы болғанын айта кеткен жөн,” – дейді А.Ойнаров.

Сарапшылардың айтуынша, бүгінде жұмыс жасап тұрған «Концессиялар туралы» заңы көп ретте кәсіпкерлермен етене жақын жұмыс істей алмай келеді. Оған себеп, көптеген инвестициялық жобалардың мемлекеттік бюджеттен төлемдермен қатаң байланыстырылғандығы болып отыр. Меморгандар, кәсіпкерлер, квазимемлекеттік және ұлттық компаниялар мемлекеттік-жеке әріптестікті дамыту құралы ретінде Концессия мүмкіндіктерінің шектеулі екендігін көптен бері көтеріп жүрген болатын. Тараптардың пікірінше, Концессияның көмегімен көптеген маңызды жобаларды жүзеге асыру мүмкін емес, сондықтан да оған балама бола алатын тетік қажет. Ал МЖӘ туралы заң бюджеттік қаржыландыруға баламалы тетік болғалы тұр.

2-бет

**Қаламыздың Орталық алаңында «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-на қарасты мұнай компаниялары ұжымдары арасындағы дәстүрлі III спартакиаданың ашылу салтанаты өтті. Спорттық жарысқа қатысушылар мен көрермендерді облыс әкімі Қырымбек Көшербаев құттықтап, сәттілік тіледі.**

# МҰНАЙШЫЛАР СПАРТАКИАДАСЫ

Еңбек ұжымдары арасындағы жарысқа қатысушыларға арнаған тілегін аймақ басшысы Қ.Көшербаев былайша өрнектеді:

– Мемлекет басшысы елімізде бұқаралық спортты дамытуға барлық уақытта айрықша көңіл бөліп келеді. Елбасының тапсырмасына сәйкес біздің облысымызда да спортты дамытуға барынша қолдау жасалуда. Аймақта жаңа спорт нысандары салынып, спорт мектептері көптеп бой көтеруде. Облыстың, сонымен қатар республика экономикасының дамуына ғана емес, спорттың да өркендеуіне үлес қосып отырған мұнай компанияларының рөлі маңызды. Аталған спорт сайысында тек мықтылар жеңіске жетсін!

Мұнан соң «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ бас директоры Абат Нұрсейітов, аталған компанияның еншілес кәсіпорны болып табылатын жергілікті «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС бас директоры Медет Кәрім дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан спартакиаданың табысты өтуіне тілектестіктерін жеткізіп, ұжым қызметкерлерін спорттық шараның ашылуымен құттықтады.

Ұжымдар арасындағы III спартакиада жергілікті «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС базасында ұйымдастырылуда. Сыр өңірінде жалауы желбіреген спартакиадада бес күнге созылады. Онда





мұнай саласы қызметкерлері спорттың 11 түрінен өзара бақ сынасып, мықтыны анықтайтын болады. Биылғы ерекшелік, аталған шара «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның 10 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келіп отыр. Ал, алғашқы спартакиада елордамыз Астана қаласында, екіншісі өткен жылы Маңғыстау облысындағы Жаңаөзен қаласында «Өзенмұнайгаз» АҚ базасында өткізілген еді.

Біздегі спорт сайысына аталған акционерлік қоғамға қарасты бірнеше еңбек ұжымдарынан спортшылар келді. Айтап айтсақ, Атырау облысындағы «Ембімұнайгаз» АҚ, Маңғыстау облысынан «Өзенмұнайгаз» және «Қаражанбасмұнайгаз» АҚлары, «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС, «Технологиялық көлік және ұңғымаларға қызмет көрсету басқармасы», сонымен қатар «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ орталық аппараты мен «Инженерлік орталық», «Урал Ойл Газ» ЖШС, «Карповский Северный» ЖШС, «Барлау активтері» серіктестіктерінің құрама командалары, барлығы 300-ден астам мұнайшы қатысуда.

Салтанатты шара Қазақстан және жергілікті эстрада жұлдыздарының ән кешімен жалғасты. Іс-шара соңы отшашуға ұласты.

**Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.**

# БЕС АУЫЛҒА ӘКІМ САЙЛАНДЫ

**Шиелі аудандық мәслихатының депутаттары бес ауылдық округтің әкімдерін сайлады. Аудан әкімі ұсынып, жергілікті жұрт қолдаған таңдаулы азаматтар демократиялық үрдіс бойынша ауыл басшылығының тізгінін қолға алды.**




Олардың арасында бұрын да ауыл әкімі қызметін атқарған М.Әшірбеков, Ғ.Сейітов секілді жігіттермен қатар, құқық қорғау саласында абыройлы қызмет атқарған Д.Сүйіндіков бар. Алғашқы екеуі Төңкеріс, Қарғалы ауылдық округтері әкімдігіне сайланса, соңғысы Тартоғай ауылын басқару сеніміне ие болды. Сол сияқты Сұлутөбе мен Алмалы ауылдарына да жаңа әкімдер жіберілді.

Елбасының атқарушы билік алдына қойып отырған міндеті өте ауқымды, сенім арқалаған азаматтарға оны орындау жолында аянбай еңбек етумен бірге, кәсіби шеберлігін шыңдау, білімін жетілдіру талаптары тұр. Осы үдеден шыққан басшы әрдайым абырой биігінен көріне алады.

**Нұрмахан ЕЛТАЙ.**
Шиелі ауданы.

## Облыс мәслихаттары депутаттарының назарына!

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутатын сайлау жөніндегі облыстық, аудандық, қалалық мәслихаттар депутаттарының бірлескен отырысы 2014 жылғы 1 қазанда сағат 11.00-де мына мекен-жайда өткізіледі: Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі, №75 үй, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Студенттер сарайы, депутаттарды тіркеу сағат 10.00-де басталады.

**Облыстық сайлау комиссиясы.**

# ШЫНЫ ӨНЕРКӘСІБІ: ОНЫҢ ӘЛЕМДЕГІ ДАМУ СИПАТЫ ҚАНДАЙ?

Сыр өңірінде шыны өндірісінің құрылысын жүргізу – көптен бері күн тәртібінен түспей келе жатқан өзекті мәселенің бірі. Бұл үлкен жоба. Сондықтан оның Елбасының деңгейінде көтерілуі тегін емес. Жуырда Елбасы Иран президентін Астанада қабылдағанда Қазақстанның бірқатар өндірісінде иран бизнесмендері жүзеге асыратын жобалардың қатарында шыны өндірісі де сөз болды.

Сонымен шыны өндірісі бізге не береді? Егер сәті түсіп, мұндай ірі жоба жүзеге асқан жағдайда өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму сипаты біршама өзгеріске ұшырайды. Облыстың бюджеті өз табысымен молығады. Сондай-ақ, ол өткір деген әлеуметтік проблема жұмыссыздықты азайтуға септігін тигізеді.

Әрине, бүгінгі таңда әлемде кез келген деңгейде бәсекелестіктің жоғары деңгейге көтерілгені соншалық, өнім өткізу өзекті проблемаға айналып отыр. Рынок тауарларға толы. Жалпы алғанда, Қазақстанда, оның ішінде Сыр өңірінде, міне, бірнеше жылдан бері көтерілгеніне қарамастан аталмыш өндірістің әңгіме шеңберінен аса алмаған себебін осы жағдаймен түсіндіруге болады.

Бизнес – үлкен өнер. Ол білімді, біліктілікті, сауатты менеджментті талап етеді. Бұл тұрғыда қазіргі таңда Қытай кәсіпкерлері әлемде алдыңғы қатарға шықты. Солардың бірі қытайлық кәсіпкер – Цао Дэван. Ол автомобил шынысы өндірісін өркендеткен әлемдік деңгейдегі кәсіпкердің бірі. Автомобиль шынысы жалпы шыны өндірісінің бір буыны болып табылады. Әлемде автомобиль рыногы жедел дамып отырған бүгінгідей қауырт кезеңде осы өндірістің келешегінен үміт күтуге болады. Алайда бұл салада да рынокты дамыған елдердің алпауыттары жаулап алған сыңайлы. Өнімді өткіземін десең, мұндай жанкешті бәсекеге төтеп беруің керек. Бұл бүгінгі өмір сүру салты.

Цао Дэван құрған компания қазіргі заманның өндірісін меңгерген білікті мамандардан тұрады. Әлемдегі автомобиль шынысын шығаратын бірден-бір өндіріс ошағы. Ол жалпы Қытайда кәсіпкерліктің дамуына Дэн Сяо Пиннің реформасы



ықпал жасағанын айтады. Цао аталған зауытты салу үшін 15 жыл бойы жан-жақты ойланады. Барлығын бүге-шігесіне дейін зерттейді. Сонымен бірге ол Ресейде осындай зауыт салады. Ресейдің Калуга қаласында автомобиль шынысы зауытын салуға 200 млн. еуро инвестиция тартылды. Өнімдердің үштен екісі Еуропа елдеріне экспортталады. Ол жылына 3 млн. автомобиль шынысын шығарады.

Қытай экономикасы әлемнің жетекші экономикасының бірі. Шыны өндірісі бойынша Қытаймен бәсекеге түсу, өнім өткізетін рынокқа жол ашу, әлбетте, оңай шаруа емес. Жақында ғана Ресейде "Мир стекла – 2014" атты көрме ұйымдастырылып, оған 200-ден астам әлемдік бренд саналатын компания өкілдері қатысты. Егер осы фирмалардың 23 елдің атынан қатысқанын ескерсек, бұл саладағы бәсекелестіктің қаншалықты дәрежеде дамып кеткенін байқауға болады.

Осының барлығын не үшін айтып отырмыз? Шыны өндірісі әлемнің барлық елдерінде жақсы дамып келеді. Ұлыбритания, Бельгия, Болгария, Австрия, Белоруссия, Голландия, АҚШ, Индия, Қытай, Египет, Швейцария... Бұл тізімді онан әрі соза беруге болады. Мәскеуде өткен көрмеге көптеген елдердің аталған сала өкілдері қатысты. Ресейлік өндірістің, Белоруссия шыны өнеркәсібінің өнімдері де бүгінгі таңда бәсекеге төтеп бере алатынын көрсетіп отыр. Сондықтан жалпы Қазақстанда, оның ішінде Қызылордада басталғалы отырған үлкен жобаға қызығушылық танытатын инвесторлардың осы кәсіпке қатысты барлық мәселені егжей-тегжейлі сараптап өткізіп, соңғы шешімге мың ойланып-толғанып барып тоқтайтыны мәлім. Қалай болғанда да бізге шыны өндірісі қажет. Оны ашудың алғышарттары да қалыптасқан. Басты шикізат – кварц құмының жеткілікті қорының, арзан табиғи газдың болуы маңызды шарттардың қатарына жатады. Ал Қазақстанның даму институттары осы жобаға белсенді үлес қосса, өндірістің құрылысы жанданып сала беретініне күмәніміз жоқ.

**Ж.ӘЛМАХАН.**

## СЕЙСМОЛОГИЯ СЫРЫ

**Кеше облыс әкімдігінде төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті.**

Мәжілісте аймақ басшысы Қ.Көшербаев қыс мезгілінде оқыс оқиғалардың алдын алуда атқарған жұмыстары үшін облыс әкімінің орынбасары Н.Әлібаевты, қала әкімінің орынбасары М.Тілеуімбетовті, Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасары С.Ыдырысовты Төтенше жағдайлар комитетінің Алғыс хатымен марапаттады.

# ҚАУІП ҚАЙДАН ДЕМЕҢІЗ...

Отырыстың күн тәртібінде үш мәселе қаралды. Облыс аумағында сейсмомониторинг жүргізу, білім нысандарындағы өрт қауіпсіздігі және өртке қарсы су жүйесінің техникалық жағдайы мен су қоймалары жайлы.

Қауіп-қатер қайдан демеңіз... Халық тығыз орналасқан аймақтардағы ірі өндіріс орындары мен оларда орын алуы мүмкін төтенше жағдайлар немесе өндіру процесі салдарынан туындайтын залалдар жер сілкінісін тудыратын қауіптің басты факторлары. Аймағымыз құмды жер, сейсмикалық қауіп жоқ дегенімізбен, Құмкөл кеніштегі мұнай өндіру жұмыстары геологиялық ортаға техногендік әсер ететіні бесенеден белгілі. Сондай-ақ, Сейсмология институты бекіткен "Сейсмикалық аймақтандыру картасына" зер салсақ, Шиелі мен Жаңақорған аудандарының бірқатар елді мекендер сейсмикалық қауіпті аудандарға жатады екен.

Осындай мәселелерді зерделей келе, облыстық ТЖД басшысы С.Өмірзақов Құмкөл кенішінде 2009-2010 жылдар аралығында 5 балдық 3 жер сілкінісі орын алғанын жеткізді. Осындай қауіптердің алдын алу мақсатында Сейсмология институтының аймақтық орталығын ашуды ұсынды. Сонымен қатар, "Парасат" ұлттық ғылыми-техникалық холдингіне қарасты Сейсмология институтының директоры Т.Абақанов геодинамикалық сейсмополигон салу бүгінгі күннің кезек күттірмейтін жұмыстарының бірі екенін, "Сейсмикалық аймақтандыру картасына" орай Құмкөл кенішіне 10 станция салу қажеттілігіне назар аудартты.

Бұл ұсынысқа облыс әкімі нормативтік құқықтық база негізінде Энергетика министрлігімен бірлесіп Үкіметте қаралу қажеттігін айтты. Дегенмен, әлеуметтік жоба көзі ретінде қарастыруды орынбасары Н.Әлібаевқа жүктеді. Сондай-ақ, бұл мәселені мұнай компанияларымен бірлесе меморандумға отырып, қаржы көздерін қарастыруды ойластырған да абзал болмақ. Келісіліп-пішілген кез келген жобаларға әкімдік тарапынан қолдау білдіретінін айтқан аймақ басшысы "Жергілікті биліктің басты парызы – халыққа төнер қауіптің алдын алу" – деп түйіндеді.

**Нұрбек САҒАТҰЛЫ.**

# ЕҢБЕК ӘУЛЕТТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕ ДӘСТҮРІ

Дала академигі атанған Ыбырай Жақаев, ер азаматтармен бірдей иық тірестіре еңбек етіп, мемлекет байлығын еселеп өсірген Шырынкүл Қазанбаева, Сәлима Жұмабекова, Ұлбала Алтайбаева, Жадыра Таспанбетова, Закира Ержанова секілді ақ жаулықты аналарымызбен мақтанамыз. Еңбек ерлерінің кезіндегі ерен еңбектері бүгінгі жас ұрпақ үшін аңызға айналғандай. Дала төсін дүбірлеткен Ыбырай атамыз бастаған еңбек ерлерінің заңды жалғасы Абзал Ералиевтей Еңбек ері бүкіл тәуелсіз Қазақстанның төл мақтанышы. Өңірімізде ұрпақтан ұрпаққа отбасылық құндылықтарды жеткізіп, жоғары кәсіби мамандар әзірлеуге үлкен үлес қосып отырған еңбек әулеттері қаншама?! Бүгінгі шараға осындай 12 отбасы қатысып отыр. Жас ұрпақ осындай өнегелі отбасылардан тәлім-тәрбие алып өсуі керек деп ойлаймын, – деп сөзін түйіндеген Қырымбек Елеуұлы форумға қатысушы еңбек династияларын марапаттап, Алғыс және естелік сыйлықтар табыстады.

Сондай-ақ, еңбек сабақтастығы форумына қатысушыларды Қазақстанның Еңбек ері, «Абзал и К» компаниясының президенті Абзал Ералиев құттықтап, ыстық ықыласын білдірді. Өз кезегінде сөз алған ауыл шаруашылығы саласының еңбеккері, диқан Бегалы Пірдашов пен әлеуметтік қызметкерлер әулетінің мүшесі Фатима Сейдахметова шараны ұйымдастырып, еңбекші отбасыларының мерейін үстем еткен аймақ басшысына алғысын білдірді.

1-бет

Салтанатты шара одан әрі жергілікті өнерпаздар ҚР Еңбек



сіңірген артисі Күлән Қалымбетова, Мәдениет қайраткері Үміт Медеуова сынды әншілердің әсерлі ән-жырларымен өрнектелді.

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

# Облыс аумағында таралатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу жөнінде көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы

Облыстық ішкі саясат басқармасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы №180 қаулысымен бекітілген «Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында таралатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу» жөніндегі стандартқа сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетеді.

Мемлекеттік қызметке өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелері төмендегі көрсетілген реттілікпен берілуде. Олар:

1. Облыстық ішкі саясат басқармасы арқылы;

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны арқылы;

3. www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Ал мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі төмендегідей:

1) көрсетілетін қызметті берушіге, Халыққа қызмет көрсету орталығына құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген кезде – 10 (он) жұмыс күні. Халыққа қызмет көрсету орталығына өтініш берген кезде құжаттардың қабылданған күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең көп уақыты – 15 (он бес) минут;

3) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең көп уақыты – 15 (он бес) минут.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында таралатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы анықтама.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және қағаз түрінде.

Анықтаманы қағаз жеткізгіште алуға өтініш берілген жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық форматта рәсімделеді, басып шығарылады және көрсетілетін қызмет берушінің уәкілетті адамының қолымен және мөрімен расталады.

Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін негізде көрсетіледі.

Сонымен бірге, өтініш егесінен осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының №1-қосымшасына сәйкес өтініш (мерзімді баспасөз басылымдарының атаулары, таралу аймағы, тілі, негізгі тақырыптық бағыты, шығу жиілігі, таралатын даналардың саны) және жеке басын куәландыратын құжат көрсетілетін қызметті алушыны сәйкестендіру үшін талап етіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты облыстық ішкі саясат басқармасынан (мекен-жайы: Сұлтан Бейбарыс көшесі нөмерсіз, 313 кабинет) немесе бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы анықтамалық қызметтен немесе **www.mki.gov.kz** интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінен алуға болады.

«Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында таралатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу» жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсету бойынша 2014 жылдың 9 айында басқармаға 2 (екі) өтініш келіп түсіп, анықтама берілді.

Мемлекеттік қызмет көрсетіліп, анықтама алған мекемелер Қызылорда облысы аумағында стандартқа сәйкес белгіленген мерзім аралығында шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын заңды түрде таратады.

Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстар заңға сәйкес жүргізілетін болады.

Көрсетілген қызмет алушылар тарапынан аталған мемлекеттік қызмет көрсетуге сәйкес қандай да бір сұрақтар туындаса, басқарма қызметкерлері әрдайым тиісті консультациялық көмек беруге дайын.

**Руслан РҮСТЕМОВ,**
**облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы.**

# КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ӨРІСТІ ЖОЛЫ

Нақты жұмысқа бағдарланған «Мемлекеттік-жеке әріптестік туралы» Заң жобасындағы алғашқы бағыт инвесторлардың құқықтарын қорғау болмақ. Заң деңгейінде МЖӘ жобаларына инвестиция құюды жоспарлап отырған кәсіпкерлерді барынша қорғауды көздейді. Яғни олардың соттан тыс, төрелік және арбитраж соттарында құқықтары кеңейтілмек. Жобаларды әртүрлі формада қаржыландыратын қаржы ұйымдары мен несие берушілердің мүддесін қорғаудың барлық мүмкіндіктері қарастырылып отыр. Бұл арқылы жоба ірі халықаралық инвесторлармен және компаниялармен қатар ең алдымен отандық, өңірлік инвесторлардың да келуіне мүмкіндік береді.

Осыдан келіп, заңның өңірлік жобаларға немесе МЖӘ-нің шағын формаларына бағдарлануы туындайды. Қазіргі «Концессиялар туралы» заңдағыдай қатаң жобаларға емес, мүмкіндігіне орай жеңілдетілген түрде іске қосылады. Бұл сараптама санының барынша азайтылуын, ал жоба құжаттарының үлгілік формаларға негізделуін, яғни дайын құжаттар бумасын білдіреді. Мәселеге осындай тұрғыдан келу жобаны әзірлеуге кететін уақытты екі жылға дейін қысқартады. Қазіргі қолданылып жүрген тәртіп ірі инфрақұрылымдық жобаларға бағдарланған, ал жаңа тұжырымдама әкімшілік кедергілерді барынша азайтуға және жобаны қысқа мерзімде іске қосуға мүмкіндік береді. Бұған Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өңірлік бөлімшелері де белсене қатыса

1-бет

отырып, мерзімдердің созылып кетуіне және сөзбұйдаға түсуіне жол бермейді.

«МЖӘ туралы» Заңдағы келесі бағыт келісім-шарттардың жаңа формалары болмақ. Бүгінде МЖӘ шын мәнінде концессиялық тетіктермен шектеулі жағдайда болып отырғаны шындық. Енді заңда олардың қатарын лизингтік қатынастармен және басқа да өміршең циклдармен толтыра түсу көзделеді.

Мысалы, бүгінде елде 16 әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация жұмыс жасайды. Оларда институционалдық МЖӘ-ға ұқсас жобалар жүзеге асырылады. Алайда қажетті құқықтық база болмағандықтан, бұл жобаларға қатысты мемлекеттік қолдау шараларын белсенді қолдануға мүмкіндік бермейді. Сонымен бірге, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің МЖӘ жобаларына қатысу тетіктері заңнамалық реттелмеген, сондықтан да МЖӘ мұндай формаларын жүзеге асырудың оң тәжірибесі жоқ. Оның үстіне квазимемлекеттік сектор субъектілерінің концессияларға қатысуға тыйым салынған.

Ұсынылып отырған заңнамалық және институционалдық өзгерістер МЖӘ тетіктерін кеңінен қолданумен қатар жеке секторды тарта отырып, бюджеттік жүктемені төмендетуге бағытталған.

Қорыта айтқанда, МЖӘ туралы заң кәсіпкерлік саласының бүкіл әлеуетін орнымен пайдаланып, мемлекетпен қатар белгілі бір жауапкершілікті мойнына алады. Ал одан үнемделген бюджеттік қаражаттар өмір сапасын жақсартуға бағытталған басқа жобаларға жұмсауға және еліміздің Мемлекет басшысы нұсқаған дамыған 30 елдің қатарына кіру мүмкіндігін арттыра түсері сөзсіз.

**Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.**

# ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІ ДҰРЫС ПАЙДАЛАНА БІЛЕМІЗ БЕ?

**Бүгінде әлеуметтік желілердің дәурені жүріп тұр. Әрбір жастың виртуалды әлемі бар. Олар көбіне әлеуметтік желіні байланыс құралы ретінде пайдаланады. Ал, енді бірі күнделікті жаңалықтарды біліп отыруға, яғни жедел ақпарат алуға мүмкіндік алады. Дегенмен, саны бар, сапасы жоқ дүниелер де артып келеді. Бұл жастарымыздың санасына кері әсерін тигізетіні анық. Осы орайда "Облыстық жастар одақтары" қоғамдық бірлестігінің мұрындық болуымен жастар арасында "Әлеуметтік желінің әлеуеті" атты дөңгелек үстел болып өтті. Оған блогерлер, белсенді жастар ұйымдарының мүшелері, жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттері қатысты.**

Шараның негізгі мақсаты- әлеуметтік желіні дұрыс қолдана білу, маңыздылығы мен пайдасы жайында толық ақпарат алу, әлеуметтік желінің қоғамдағы рөлі және жастар арасында жалпылама түсінік беру болып табылды.

Жиынды "Облыстық жастар одақтары" қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ж.Алдабергенов ашып, жүргізіп отырды.

Осы орайда әлеуметтік желілердің түрлері мен ерекшелігі жөнінде блогер Ж.Серіков кеңінен тоқталып,



түсіндірме жұмыстарын жасады. Арнайы дайындалған әлеуметтік желілерге байланысты слайдты жастар назарына ұсынып, әрбір желінің мүмкіншілігі мен қолданыс аясы туралы айтып өтті.

Дөңгелек үстел соңында жастар тақырыпқа байланысты сұрақтарын қойып, оған тұшымды жауап ала білді.

**Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.**

## ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ НАУҚАНЫ

# АЗАМАТТЫҚ БОРЫШҚА АДАЛ БОЛАЙЫҚ

**Аймақтағы көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру жұмыстарының аяқталу қорытындысын жасау және күзгі мерзімді әскери қызметке шақыру жұмыстарына тапсырма беру жөнінде облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаментте мәжіліс болып өтті. Бірқатар жергілікті басшылар мен қалалық, аудандық шақыру комиссиясы мүшелері бас қосқан жиында төрт мәселе қаралды.**

Бірінші мәселе биылғы көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру жұмыстарының аяқталу қорытындысы болды. Бұл турасында облыстық қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының орынбасары Арал Есмамбетов хабарлама жасаса, әскери қызметке шақыру барысын медициналық тұрғыда қамтамасыз ету жайын облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Сәкен Серғазиев сөз етті. Жиын барысында қала және аудандардағы шақыру пункттерінде зерделеніп іріктелген әскерге шақырушылармен қамтамасыз ету мәселесін шекара қызметі 2019 әскери бөлімінің командирі Владимир Колпаков қозғады. Ал, әскери қызметке шақыруды жасақтау туралы Ішкі істер министрлігі ішкі әскер Ұлттық ұланының 5547 әскери бөлімі штаб бастығының аға көмекшісі Дархан Әбдіқаев мәлімдеме жасады.

Биылғы көктемгі әскери шақырту жұмыстары сәуір мен маусым айлары аралығында жүргізілген. Бұл аралықта аймақ бойынша 1156 азамат медициналық комиссиядан өтсе, оның 304-нің денсаулығы әскерге баруға жарамсыз болып отыр. Ал, 39 азамат Отан алдындағы борышын өтеуден бас тартқан. Дегенмен, берілген меже толығымен орындалып, ел қорғауға қабілетті 512 азамат әскер қатарына жіберілген. Десе де, бұл салада әлі күнге дейін өз деңгейінде орындалмай келе жатқан мәселелер жеткілікті.

«Бүгінде әскерге шақырту кезінде азаматтардың денсаулығына, дене бітімі, білімі мен отбасылық жағдайына байланысты әскер түрлеріне дұрыс тағайындалмауы, сондай-ақ, олар жайында алдын ала іріктеу жұмыстарының жүргізілмеуі саладағы басты қателіктер болып отыр. Осының салдарынан биыл арнайы құқықтық статистика тексеру барысында облыс бойынша 14 әскерге шақырылушының туыстарының істі болғандығын анықтады. Оның ішінде 6 әскерге шақырылушының өзі істі болған. Бұл азаматтарды режимдік командаларға тағайындағанда оларға арнайы тексерудің жүргізілмегендігін көрсетеді», – деді облыстық қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының орынбасары Арал Есмамбетов.

Жан-жақты мәселелерді талқылаған жиында аудандық бөлімдердің де жұмыстары сараланды. Облыстық қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығы Әлімжан Ерниязов Арал, Қазалы, Жалағаш аудандарындағы жұмыс қарқыны бәсең екендігін жеткізе отырып, азаматтарды әскерге шарқырту барысында оларды толық, алдын ала зерделеу керектігін баса айтты. Сондай-ақ, жиынға қатысқан тиісті басшыларға жіберілген кемшіліктерді қайта болдырмаудың жолын қарастырып, күзгі әскери қызметке шақыруда сапалы жұмыс жасауға үндеді. Айта кету керек, осы күзгі шараға 3130 азамат шақырылады деп күтілуде. Бұл шара желтоқсан айының 23-ші жұлдызына дейін жүргізілетін болады.

**Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.**

# Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат Серікбай Ыдырысұлы ӨМІРЗАҚОВ



Өмірзақов Серікбай Ыдырысұлы 1956 жылы 15-ші қазанда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кентінде дүниеге келген.

Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтын 1980 жылы «инженер-гидротехник» мамандығы бойынша үздік дипломмен бітірген. Еңбек жолын 1980 жылы Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының Қызылорда филиалында ассистент болып бастаған. 1984-1988 жж. Мәскеудегі А.Н.Костяков атындағы Бүкілодақтық гидротехника және мелиорация ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасында оқыған.

1988-1990 жж. В.П.Горячкин атындағы Мәскеу ауылшаруашылық өндірісі инженерлері институтында кіші ғылыми қызметкер болып жұмыс істеген. 1992 жылы Мәскеу қаласындағы «Су шаруашылығы және мелиоративтік нысандарды іздестіру, зерттеу, жобалау және құрылысты салу Совинтервод» өндірістік бірлестігі диссертациялық Кеңесінде 05.23.07. – «Гидротехникалық және мелиоративтік құрылыс» мамандығы бойынша техника ғалымдарының кандидаты ғылыми атағын алу үшін диссертация қорғаған.

1995-2005 жж. Қызылорда өнеркәсіп өндірісі инженерлері институты, Қызылорда политехникалық институты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Орман мелиорациясы», «Мелиорация және гидроэкология», «Су шаруашылығы» кафедраларының меңгерушісі және әлеуметтік-экономикалық сұрақтар жөніндегі проректоры қызметтерін атқарған.

2005-2009 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті политехникалық факультетінің деканы болды.

2010 жылы Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің диссертациялық кеңесінде 06.01.02. – «Жерді мелиорациялау, рекультивациялау және қорғау» мамандығы бойынша докторлық диссертациясын қорғаған.

2009 жылдың 12 мамырынан бастап «Ы. Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-ның бас директоры қызметін атқарады. Бірнеше авторлық куәлік, патенттер иегері, 100-ден аса ғылыми мақалалар жариялап, екі монография, бірнеше ұсынымдары жарияланған.

Қазақстан Республикасының «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» медалімен, Ауыл шаруашылығы министрлігі, «ҚазАгроИнновация» АҚ, облыс әкімі мадақтау грамоталарымен марапатталған.

Отбасылы, екі қыз тәрбиелеп отыр.

## САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

### ЕЛ МҮДДЕСІ – ҚАРҚЫНДЫ ДАМУ ЖӘНЕ ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

***Құрметті мәслихат депутаттары!***

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен Қазақстан қарқынды даму үстінде. Тәуелсіздік жылдары еліміздің қол жеткен табыстары ұшан-теңіз. Әлемдік қауымдастықта бәсекеге қабілетті экономика құрып, зайырлы мемлекет ретінде танылу үстіндеміз. Қазақстан Республикасы Парламенті Заң шығарушы орган ретінде мемлекетіміздің біртұтастығын қамтамасыз етіп, барлық саланың заң аясында жұмыс істеп, қоғамның ең басты қазынасы – адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары қамтамасыз етілген мемлекет құруда айрықша ролі бар билік тармағы ретінде танылды.

Өмір өз кезегінде түрлі проблемалар мен өзгерістерді үздіксіз туғызуда. Міне, осындай жағдайда кәсіби Парламенттің жұмыс істеуі еліміз үшін ауадай қажет. Парламенттің құрамы Қазақстанның бет-бейнесі секілді, 154 депутаттар барлық өңірді қамтып, түрлі ұлт өкілдерін құрап, әйел депутаттардың үлес салмағы артып, жұмыс жасауда.

Елімізде демократиялық үрдістер қалыптасып, қарапайым халық өкілдері мемлекеттің саяси-экономикалық өміріне тікелей араласып, өз үлестерін қосуда. Мемлекетпен әріптестік негізде бизнесті жүргізу мүмкіншіліктері барған сайын арта түсуде.

Осы жағдайды пайдаланып, іскер азаматтар шағын және орта бизнесті қарқынды дамытуда. Мемлекет қазынасына түсетін салық мөлшері күн санап арта түсуде. Осындай іс-әрекеттердің қалыптасуы мемлекетке де бизнесті жүргізуге де тиімді болуы сапалы заңдарға байланысты.

Қазіргі таңдағы Парламент депутаттары құрамын қалыптастыру тәртібі демократиялық негізде қалыптасқан. Соның бірі сайлау туралы заң талаптарына сай болған жағдайда кез келген азамат сайлауға түсу үшін тіркеле алатындығы.

Мен өзімнің білім, ғылым, ауыл шаруашылығы өндірісі саласындағы тәжірибемді және мемлекеттік саясат, экономикалық-әлеуметтік жағдайларды, ел мүддесін білу деген жан-жақты мәселелерді екшелей келе, өзімнің кандидатурамды Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттығына кандидат ретінде ұсынуды жөн көрдім.

Әрине, қазіргі күрделі кезеңде әрбір азаматтың аса үлкен жауапкершілікпен қызмет атқару қажеттілігі туындап отыр. Еліміздің болашағына әрқайсысымыз жауаптымыз. Осы мәселе туралы әркез ойлана жүріп «мен Сенат депутаты болсам не істер едім?» деген сұрақ ұдайы мені мазалайды.

Сенат құрамының өзгеріп тұруы өмір заңдылықтары, ондағы қызмет атқарып жүрген азаматтар еліміздің мықты мемлекет болып қалыптасуына өз үлестерін қосуда.

Әрине, шешімін табуы керек мәселелер де аз емес... Мен егер де сайланып жатсам, өз қызметімде мына бағыттарға көңіл бөлемін:

- білім, ғылым саласындағы реформаларға айрықша мән беріп, нақты жағдайды ескеретін заң жобаларын дайындауға қатысу;
- су, жер ресурстарын пайдалану, сақтау, сапасын арттыру, қоршаған ортаны қорғау, экология туралы заң, заң актілерін дайындауға талқылауға белсенді жұмыс жасау;
- ауыл шаруашылығын дамыту азық-түлік қауіпсіздігінің негізі екендігін ескере отырып, осы салаға байланысты және өңірдің проблемалық мәселелерін ескеретін заң жобаларын дайындау;
- Сыр өңірінің жанашыр азаматы ретінде аймақ мәселесі туралы сұрақтарды құзырлы органдар алдында өткір қойып шешуге атсалысамын;
- Арал теңізі Жер планетасының климаттық жағдайына әсер ететін ерекше табиғи нысан ретінде оны қалпына келтіру адамзат мүддесі деп танып, оны жүзеге асыру үшін Халықаралық деңгейдегі заңдардың дүниеге келуіне жұмыс жасаймын;
- әрбір аудан, қала, облыс бюджетінің қалыптасып, оның орындалуы әрбір деңгейдегі азаматтардың іскерлігіне тікелей байланысты, сондықтан жалпы бизнесті тиімді жүргізуге ықпалын тигізетін заң жобаларын дайындауға қатысамын.

Сенат депутаты жүгінің қаншалықты жауапты және ауыр екенін бағалай отырып, тәуекелге бел будым. Егер де мен депутат болып сайлана қалсам, аймақтың көкейкесті проблемаларын шешуге барлық күш-жігерімді, тәжірибемді, білімімді саламын.

*Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 29 тамыз №693/1 қаулысы*

*Нормативтік-құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 23.09.2014 жылы №4761*

# Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру (оның ішінде қалпына келтіру) шығындарының құнын субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және «Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру (оның ішінде қалпына келтіру) шығындарының құнын субсидиялаудың қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 маусымдағы № 695 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру шығындарының құнын ішінара өтеуге арналған бюджеттік субсидиялардың нормалары белгіленсін.

2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысы
әкімінің міндетін атқарушы **Н. ӘЛІБАЕВ.**

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
_____________А. Мамытбеков
2014 жылғы «29» тамыз

*Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы «29» тамыз №693/1 қаулысына қосымша*

Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызу және өсіру шығындарының құнын ішінара өтеуге арналған бюджеттік субсидиялардың нормалары

| Жеміс-жидек дақылдарының түрлері | Отырғызу сызбасы | 1 гектарға қажетті көшеттер саны | Көшеттер жасы | Бірінші өсу жылы отырғызуға және өсіруге кететін шығындардың субсидия нормасы 1 гектар/ теңге | Екінші өсу жылы өсіруге жұмсалған шығындар дың субсидия нормасы 1 гектар/теңге | Үшінші өсу жылы өсіруге жұмсалған шығындар дың субсидия нормасы 1 гектар/теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Алмұрт | 5х4 | 500 | -- | 680554 | 25671 | 27478 |
| | 4х1,5 | 1667 | -- | 1032955 | 33684 | 37633 |
| Қара өрік | 5х4 | 500 | -- | 682693 | 26096 | 28018 |
| | 5х3 | 667 | -- | 706714 | 26096 | 28018 |
| Шабдалы | 5х4 | 500 | -- | 682693 | 26096 | 28018 |
| | 5х3 | 667 | -- | 706714 | 26096 | 28018 |
| Шие және қызыл шие | 5х4 | 500 | -- | 682693 | 26096 | 28018 |
| | 5х3 | 667 | -- | 706714 | 26096 | 28018 |
| | 6х3 | 556 | -- | 690748 | 26096 | 28018 |
| Өрік | 5х3 | 667 | -- | 777780 | 28199 | 31048 |
| | 5х2,5 | 800 | -- | 796911 | 28199 | 31048 |
| | 6х4 | 417 | -- | 671678 | 27855 | 28968 |
| Алма | 5х3 | 667 | бір жылдық | 784791 | 29050 | 32128 |
| | | | екі жылдық | 812203 | 29050 | 32128 |
| | 5х2 | 1000 | бір жылдық | 832690 | 29050 | 32128 |
| | | | екі жылдық | 873787 | 29050 | 32128 |
| | 5х2,5 | 800 | бір жылдық | 803922 | 29050 | 32128 |
| | | | екі жылдық | 836799 | 29050 | 32128 |
| | 4х2,5 | 1000 | бір жылдық | 832690 | 29050 | 32128 |
| | | | екі жылдық | 873787 | 29050 | 32128 |
| | 4х2 | 1250 | бір жылдық | 881401 | 30455 | 33926 |
| | | | екі жылдық | 932772 | 30455 | 33926 |
| | 4х1,25 | 2000 | бір жылдық | 1080854 | 33684 | 37633 |
| | | | екі жылдық | 1163048 | 33684 | 37633 |
| | 4х1 | 2500 | бір жылдық | 1182622 | 35822 | 40333 |
| | | | екі жылдық | 1285365 | 35822 | 40333 |
| | 3,5х0,8 | 3572 | бір жылдық | 1471721 | 42054 | 47377 |
| | | | екі жылдық | 1618521 | 42054 | 47377 |
| | 3,5х1 | 2857 | бір жылдық | 1233973 | 35822 | 40333 |
| | | | екі жылдық | 1351387 | 35822 | 40333 |
